

# Валюталық қысым индексі

04





# Нәтижелерді пайымдау

**Валюталық қысым индексі** (EMPI) халықаралық резервтер мен негізгі мөлшерлемелер серпінінің валюта бағамына ықпалын өлшеу үшін қолданылады.


**Индекс мәнінің жоғары деңгейі** бағамның ықтимал әлсірегенін және ақша-несие саясатының (АНС) резервтері мен құралдарын қолдана отырып, сұраныстың күрт өсуіне қарсы тұру мақсатында валюта нарығына араласуды білдіреді.

**Индекс мәнінің төмен деңгейі** қысымның және мемлекет тарапынан бағам белгілеуге араласушылықтың жоқ екендігін, бағамның таңдалған мерзім ішінде нығайғандығын, нарықта валютаның кең түрде ұсынылып жатқандығын білдіреді.

Наурызда ұлттық валютаның нарықтық серпіні сақталды. **Валюталық қысым индексі** 0.1 пайыздық тармаққа (п.т.) өсті. Алайда индекстің өзінің мәні әлі де сыртқы қысым жоқ аймақта тұрақтаған. Мұндай серпін бірінші кезекте халықаралық резервтер мен Ұлттық Банктің активтерінің, сондай-ақ орташа өлшемделген TONIA мөлшерлемесінің өсуіне байланысты туындаған.

**Ұлттық Банктің жалпы халықаралық резервтері мен активтері** 2.8%-ға өсті. Мұндай өсімге резервтегі алтын көлемінің +1.2 млрд долларға (немесе +6%), сондай-ақ активтердің еркін айырбасталымды валюталарда (+3%) өскендігі арқасында қол жеткізілді. Ұлттық Банктің активтері 1 млрд-қа артып, 58.4 млрд долларды құрады.

## Валюталық қысым индексі мен теңге бағамының серпіні



ҚРҰБ өзінің кезекті отырысында базалық мөлшерлемені 16.75% деңгейінде сақтауды ұйғарды. Бұл ретте **TONIA мөлшерлемесінің орташа өлшемді мәні** 0.5 п.т.-қа өсіп, 16.7%-ды құрады. Ұлттық Банк өзінің баспасөз хабарламасында ағымдағы мөлшерлемені алғашқы жартыжылдықтың соңына дейін сақтайтындығын көрсетті.

Бұл ретте теңгенің айтарлықтай нығайғандығын ескерер болсақ, қысқа және орта мерзімді қазыналық облигациялар қаржы нарығына қатысушылар арасында әлі де жоғары сұранысқа ие.



# Нәтижелерді пайымдау

Наурыз айының басында ұлттық валюта бағамы бір доллар үшін 431 теңгеге дейін нығайды. Мұндай нығаюға сыртқы экономикалық факторлар да (мұнайдың жоғары бағасы), ішкі факторлар да (салық аптасының соңы) себеп болды. Алайда айдың ортасынан бастап, батыс елдеріндегі банктік дағдарыс аясында нарыққа қатысушылардың қаупі әсер ете бастады. Айдың соңына қарай мұнай бағасы нарыққа қатысушыларға сенімділік сыйлады. Сөйтіп теңге айды бір доллар үшін 448 теңге деңгейінде аяқтады. Ал орташа өлшемді бағам бір доллар үшін 450 теңгені құрады.

Теңге бағамының жоғары құбылмалылығына және сыртқы макро-факторлардың айтарлықтай ықпалына қарамастан, теңге бағамының серпіні экономикалық реттеушілердің араласуынсыз өзгерді. АҚШ пен Еуропаның банк секторындағы үрейдің біртіндеп сейіліп, сондай-ақ сыртқы ахуалдың оң сипатқа ие екендігін ескерер болсақ, сәуір айы барысында біз теңдестірілген айырбас бағамын бақылайтын боламыз.



# Есептеу әдістемесі

EMPI мына формула бойынша есептеледі:

$$EMPI = \frac{\Delta e}{e} - \frac{\sigma e}{\sigma r} * \frac{\Delta r}{r} + \frac{\sigma e}{\sigma i} * \Delta i$$

$e$  – таңдап алынған кезең бойынша теңгенің долларға қатысты орташа өлшенген айырбас бағамы;

$\Delta e$  – таңдап алынған кезең бойынша орташа өлшенген айырбас бағамының серпіні;

$\sigma e$  – айырбас бағамының стандартты ауытқуы ( $\Delta e/e$ );

$r$  – таңдап алынған кезең бойынша Ұлттық Банктің халықаралық резервтері мен активтері;

$\Delta r$  – таңдап алынған кезең бойынша халықаралық резервтердің серпіні;

$\sigma r$  – халықаралық резервтер серпінінің стандартты ауытқуы ( $\Delta r/r$ );

$\Delta i$  – TONIA орташа мөлшерлемесінің бір ай ішіндегі өзгерісі;

$\sigma i$  – TONIA орташа мөлшерлемесінің өзгеру шамасының стандартты ауытқуы ( $\Delta i$ ).



**Автор:** Сұңғат Рысбек

**Жауапкершілікті шектеу:**

Jusan Analytics - «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі.

Бұл тек ақпараттық сипатқа ие жұмыс. Сонымен қатар бұл Jusan Analytics тарапынан қандай да бір ұсынысқа немесе есеп-қисап, іскерлік, қаржылық, инвестициялық, заңдық, салықтық немесе басқа да кәсіби консультациялар беру не болмаса қызмет көрсетуді ұсыну бойынша ұмтылысқа жатпайды. Материал біз сенімді деп санаған, шынайы әрі ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге негізделген. Алайда біз келтірілген мәліметтерді мінсіз деп айта алмаймыз.

Оқырмандар дербес қаржылық шешім қабылдау үшін осы жұмыстағы мәліметтерді пайдаланғандары үшін біз жауапты емеспіз. «Jusan Bank» АҚ Jusan Analytics тұлғасында жарияланымдағы ақпараттарды тұрақты түрде жаңартып тұруға немесе ондағы ықтимал дәлсіздіктерді түзетуге міндетті емес. Осы ретте аталмыш жұмыстың құрамындағы мәліметтер толық, түпкілікті болып саналмайды және алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

Бұл жұмыстағы жарияланған ақпарат жеке пайдалануға қолжетімді, бірақ коммерциялық тұрғыда таратуға арналмаған және Jusan Analytics-тің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз оны толығымен немесе ішінара қайта жаңғыртуға, жолдауға және жариялауға болмайды.

**Материалды пайдалану мәселесі бойынша Jusan Analytics-ке жүгініңіз:**

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.  
А25D5F7, әл-Фараби даңғылы, 36, В блогы, 6 қабат.  
analytics@jusan.kz